



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ЭДМУНТ БЕРКТИҢ КОНСЕРВАТИЗМ ИДЕЯСЫ

Әбілхан Тоғжан

toqzhan_abilhan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
саясаттану мамандығының студенті
ғылыми жетекші – PhD, доцент И.С.Рыстина

Эдмунд Берк (1729-1797) – шығу тегі ирландық болатын ағылшын философы, саяси қайраткері және публицист.[1] Эдмунд Берк 1729 жылы Дублинде дүниеге келген. Қазіргі консерватизмнің негізін салушылардың бірі. Консерватизм сөзіне анықтама бере кетер болсақ, консерватизм латынның консервативус-қорғаушы деген сөзінен шыққан.[2]

Ендігі кезекте консерватизмнің шығу тегі мен тарихына үңілейік, бұл идеология Ұлы Француз революциясының (1789ж) саяси идеялары мен оқиғаларына жауап ретінде дүниеге келген. Бұл революцияны олар қоғамдық былықтың, бүлікшілік пен күйзелістің себебі деп санады. Бірақ ол бастауын XVII ғасырда пайда болған дәстүрлік діни-монархистік қорғаушы ағымынан алады. Консерватизмнің негізін қалаушыларға ағылшын философ және мемлекет қайраткері Эдмунд Берк (1729-1797), француз публицисі және қоғам қайраткері Жозеф де Местр (1754-1821), немістің тарихшысы, құқықтанушысы Фридрих фон Савиньи (1779-1861), Австрияның канцлері Меттерних (1733-1859) және т.б. жатады. Эдмунд Берктің XVIII ғасырдың соңында жарық көрген «Размышления о революций во франций и об отношении некоторых лондонских обществ к этому событию» (1790) атты еңбегінде Париждың қарапайым халқын сынады, ағартушылық заманның ойларын және оны бағалауды қайта ұсынды, Француз революциясына деген өз көзқарасын баяндап, оның себептері мен зардаптарын, қоғам өмірінде дәстүрдің алатын орнын, басқарудың мақсаттары мен принциптерін, сонымен қатар өзінің идеалды басқару формасын тұжырымдады. Берктің көзқарасына сай ол Француз революциясына жағымсыз кейіппен қарайды. Оның ойынша революция саяси институттарға, өнеркәсіптерге, ауыл шаруашылығына, билік органдарына, шіркеуге түзелместей зиянын тигізді.

Консерватизм - қоғамда тарихи қалыптасқан саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани құндылықтарды сақтау мен дамыту идеологиясы. [3] ХҮІІІ ғасыр Еуропа, Америка және Азияның көптеген елдеріндегі нарықтық экономиканың дамып, капитализм қалыптасып, әлеуметтік теңсіздіктің күшейген уақыты болды. Ол кезде еңбекшілер мен кедейлердің, жалпы жоқшылыққа ұшыраған адамдардың мүдделерін қорғауға арналған әлеуметтік қорғау жүйесі жетілген жоқ еді. Сол себепті революция ұйымдастырып, буржуазиялық тапты ығыстырып, социализм орнату қажет деген идеялар кеңінен тарала бастады. 1789 жылғы Ұлы Француз революциясы бұның іс жүзіндегі дәлелі болатын. Осы саяси құбылыстарға байланысты қалыптасқан консерватизм идеологиясының негізгі мақсаты - қоғам мен мемлекетті, олардың саяси жүйелерін бұрынғы қалпында сақтап қалу болды. Консервативтік идеология – қоғамды әртүрлі кездейсоқ жағдайлардан, ретсіз реформалардан, әсіресе қатыгез, қантөгісті революциялардан сақтап қалу жолдарын ұстанды. Консервативтік идеяны бірінші ұсынған ағылшын мемлекет қайраткері және ғалымы Эдмунд Берк болатын. Консервативтік идея Еуропаның батыс, солтүстік және Азияның біраз елдерінде мемлекеттік қолдау тауып кейін идеологияға айнала бастады. Осы консерватизм идеологиясының басты мақсаттары: қуатты мемлекет құру, саяси жүйенің, биліктің жоғарғы әлеуметтік топтың қолында болуы, тұлғаның қоғам мен мемлекетке бағынуы іс жүзінде жүзеге асып, бұл елдерді әртүрлі кездейсоқ, ретсіз реформалардан, кенет оқиғалардан, өкіметтік төңкерістерден, шиеленістерден сақтап қалды, бейбіт жағдайда нәтижелі әлеуметтік-экономикалық қарқынды дамуға жол ашты. Консерватизм идеологиясы қоғам өмірінде әдет-ғұрып, дәстүрлер маңызды рөл атқарады деп түсініп, оларды мызғымастай сақтап қалуды мақсат етті. XX ғасырдың ортасынан бастап консерватизм идеологиясының негізгі

қағидаларына өзгерістер енгізіліп консервативтік ой-пікірдің басты бағыты жаңарған консерватизмге (неконсерватизмге) ауысты.

Э. Берк ойлары еуропалық билеушілердің дұрыс айыптады, ал 1790 жылы Англияда кітабын сол жылдардғы алғашқы басылымнан кейін тағы 11 рет қайта басып шықты.

Ол әр халықтың өзінің салт-дәстүрлері болуы қажет деп есептейді. Зұлымдықтың бастауы ретінде ата бабадан мұраға қалған салт дәстүрлерді және құндылықтарды менсінбеу болып табылады дейді және революция ғасырдан ғасырға мұра ретінде жүздеген жылдар бойы жинақталып келген мәдени идеологияны және қоғамның рухани ресурстарын жояды дейді. Расында да салт-дәстүрлер қандай да болсын елге сән беріп, оның басқалардан ерекше ететін таптырмас бір құндылық деуге болады. Бұл қазіргі заманда да өзекті мәселе болып табылады. Себебі өз салт дәстүрін жоғалтқан мемлекеттің ары қарай өмір сүруі мүлдем мүмкін емес.

Консерватизм идеология түрі немесе постиндустриалды қоғамның қазіргі кездегі тұжырымдамасы ретінде үш түрлі мағынада қолданылады:

дәстүршілдік. Ол нарықтық экономикаға тән әлеуметтік құрылымдар мен моральдық дәстүрлердің сақталуына негізделеді. Көрнекті өкілдері: Э.Берк, Ж. де Местр, Л. де Бональд Дәстүршілдік XX ғасырдың 70 — 80 жылдары АҚШ-тағы "жаңа оңшылдардың" қозғалысында көрініс тапты;

либертшілдік (неміс философы Алиберттің ілімін қолдаушылар). Олар индивидтің бостандығын шектемеуді уағыздады;

жаңа консерватизм Олар адамның саяси-әлеуметтік белсенділігін арттыру, әлеуметтік қарым-қатынастарды демократияландыру идеяларын ұстанады. Қазіргі заманғы консерваторлық күштер мен ағымдар бірқалыпты консерваторлық ойлаудан бас тартып, өз идеологиясы мен практикалық саясатын бұқара халықтың мүдделері мен қажеттіліктеріне жақындастыруға үміттенуде. Саяси консерватизм — қоғамның қалыптасқан саяси іс-әрекетінің тенденциясына айналды. Саяси консерватизмді жақтаушылар өздері өмір сүріп отырған экономикалық, әлеуметтік және саяси құрылысты сақтап тұруға мүдделі, әрі оның тұрақтылығына кепіл бола алатын сипаты мен ерекшеліктерін көрсетеді.

Консерваторлар монархияны қалпына келтіруге және феодалдық және аристократиялық құрылыстың дәстүрлі құндылықтарын қайта түлетуге тырысты және де консервативтік өмірде әдет—ғұрып дәстүр негізгі рөл атқарады. XX ғасырдың 70-жылдарынан Батыстағы консервативтік ой-пікірдің жетекші бағыты жаңарған консерватизмге (неоконсерватизмге) айналды. Ол жеке адамның құқықтары бостандықтарының басымдығын мойындауға бет бұрды.

Қорытындылай келе, Берктің саяси көзқарастары ол ең алдымен француз революционерлерінің идеологиясына қарсылықтан басталды. Ол салт дәстүр негізінде өмір сүруді дұрыс деп санады. Және қандай да бір өзгерістерге қарсы болды. Консерватизм идеологиясын дәріптеді. Оның «Идеальная демократия — самая постыдная вещь на земле. » деген сөзінен демократияға қарсы екенін байқауға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://lawbook.online/osnovyi-politologii/konservatizm-edmund-brk-33174.html>.
2. Философия: Энциклопедический словарь. — М.: Гардарики. Под редакцией А.А. Ивина. 2004.
3. menestrel-jean.ru/genetika-i.../liberaldi1179-ideologiya.